**Қазақстан Республикасы Президентінің "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шеңберінде жасасқан көп жақты шарттарды тоқтату туралы хаттаманы бекіту туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 қарашадағы N 1192 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шеңберінде жасасқан көп жақты шарттарды тоқтату туралы хаттаманы бекіту туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

**Жоба**

## Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

## Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шеңберінде жасасқан көп жақты шарттарды тоқтату туралы хаттаманы бекіту туралы

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекеттері басшылары кеңесінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы органдарының құрылымын жетілдіру және реформалау туралы 1999 жылғы 2 сәуірдегі шешімін басшылыққа ала отырып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шарттық-құқықтық базасын жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған 2000 жылғы 1 желтоқсанда Минск қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде жасасқан көп жақты шарттарды тоқтату туралы хаттама бекітілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

Бейресми аударма

## Тәуелсіз мемлекеттер достастығының шеңберінде жасасқан көп жақты шарттарды тоқтату туралы Хаттама

Р е с м и к у ә л а н д ы р ы л ғ а н мәтін

**Тәуелсіз мемлекеттер достастығының шеңберінде жасасқан көп жақты шарттарды тоқтату туралы Хаттама**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттер,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекеттері басшылары кеңесінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы органдарының құрылымын жетілдіру және реформалау туралы 1999 жылғы 2 сәуірдегі шешімін басшылыққа ала отырып

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шарттық-құқықтық базасын түгендеу мақсатында

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Тараптар қолданыс мерзімі аяқталуына және кейінірек шарттар жасалуына байланысты осы Хаттаманың 1-қосымшасында тізбеленген шарттар тоқтатылғандығын атап өтеді.

## 2-бап

Осы Хаттаманың 2-қосымшасында тізбеленген шарттар, осы шарттарға қатысушы-мемлекеттер арасындағы қарым-қатынаста өзінің қолданысын осы Хаттама күшіне енген күннен бастап тоқтатады.

## 3-бап

Осы Хаттаманың 1 және 2-қосымшалары оның ажырамас бөліктері болып табылады .

## 4-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді.

Минск қаласында 2000 жылғы 1 желтоқсанда орыс тілінде бір түпнұсқа дана болып жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде

сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзірбайжан Республикасы үшін | Молдова Республикасы үшін
Армения Республикасы үшін | Ресей Федерациясы үшін
Беларусь Республикасы үшін | Тәжікстан Республикасы үшін
Грузия үшін | Түрікменстан үшін
Қазақстан Республикасы үшін | Өзбекстан Республикасы үшін
Қырғыз Республикасы үшін | Украина үшін

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде жасасқан көп жақты шарттарды тоқтату туралы 2000 жылғы 1 желтоқсандағы хаттаманың 1-қосымшасы**

## Қолданыс мерзімі аяқталуына немесе кейінірек шарттардың жасалуына байланысты өзінің қолданысын тоқтатқан халықаралық шарттар

| N р/с | Шарттардың атауы | Қол қойылған жері және күні |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Транзит тәртібі туралы келісім | Мәскеу қаласы, 1992 ж.08.02., ҮБК |
| 2. | Достастық мемлекеттерінің сауда-экономикалық ынтымақтастығы саласындағы өзара қарым-қатынастарын реттеу туралы 1992 жылғы келісім | Минск қаласы, 1992 ж 14.02., МБК |
| 3. | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына Қатысушы-мемлекеттер шеңберіндегі ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім | Мәскеу қаласы, 1992 ж.13.03., ҮБК |

4. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі тікелей ғылыми-техникалық байланыстар туралы келісім — Мәскеу қаласы, 1992 ж.13.03., ҮБК

5. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі ғылыми-техникалық объектілерді бірлесіп пайдалану туралы келісім — Мәскеу қаласы, 1992 ж.13.03., ҮБК

6. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және олардың біліктілігі туралы құжаттарды нострификациялау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім — Мәскеу қаласы, 1992 ж.13.03., ҮБК

7. Достастықтың Бірлескен Қарулы Күштеріндегі және қатысушы мемлекеттердің Қарулы Күштеріндегі өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету туралы келісім — Ташкент қаласы, 1992 ж.15.05., ҮБК

8. Әуе шабуылына қарсы қорғану жүйесі жөніндегі келісім — Мәскеу қаласы, 1992 ж.06.07., МБК

9. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Бірлескен Қарулы Күштері Бас қолбасшылығының өтпелі кезеңдегі қызметін ұйымдастыру туралы келісім — Мәскеу қаласы, 1992 ж.06.07., МБК

10. Қару-жарақ және әскери техниканы мемлекетаралық стандартқа келтіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы келісім — Мәскеу қаласы, 1992 ж. 13.11., ҮБК

11. Әскери кадрларды даярлау туралы келісім — Мәскеу қаласы, 1992 ж.13.11., ҮБК

12. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қорғаныс министрлерінің Кеңесі жөніндегі ереже туралы келісім — Минск қаласы, 1993 ж.22.01., МБК

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде жасасқан көп жақты шарттарды тоқтату туралы хаттаманың 2-қосымшасы**

**Қолданысы тоқтатылатын халықаралық шарттар**

| N Р/с | Шарттардың атауы | Қол қойылған жері және уақыты |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер басшылары кеңесінің Қарулы күштер және Шекаралық әскерлер туралы келісімі | Минск қаласы, 1991 ж.30.12., МБК |
| 2. | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы Стратегиялық күштер жөніндегі келісім | Минск қаласы, 1991 ж.30.12., МБК |
| 3. | Ортақ мақсаттағы күштерде Әскери ант беру туралы келісім | Мәскеу қаласы, 1992 ж.16.01., МБК |
| 4. | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің стратегиялық күштерінде Әскери ант беру туралы келісім | Мәскеу қаласы, 1992 ж.16.01., МБК |
| 5. | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы Достастық мемлекеттерінің бірыңғай қорғаныс бюджетін және қарулы күштерді қаржыландыру тәртібін қалыптастыру туралы келісім | Минск қаласы, 1992 ж. 14.02., МБК |
| 6. | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы Стратегиялық күштердің мәртебесі туралы келісім | Минск қаласы, 1992 ж.14.02., МБК |
| 7. | Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Қарулы Күштерін қару-жарақпен, техникамен, материалдық құралдармен қамтамасыз ету, жөндеу кәсіпорындарының өндірістік қызметін, ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын ұйымдастыру қағидаттары туралы келісім | Минск қаласы, 1992 ж.14.02., МБК |
| 8. | Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, | Минск қаласы, 1992 ж.14.02., МБК |

Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы өтпелі кезеңдегі ортақ мақсаттағы күштер туралы келісім

| | |
|---|---|
| 9. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жоғарғы органдарының қорғаныс мәселелері жөніндегі өкілеттіктері туралы келісім | Киев қаласы, 1992 ж.20.03., МБК |
| 10. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Бірлескен Қарулы Күштері қызметінің құқықтық негіздері туралы келісім | Киев қаласы, 1992 ж .20.03., МБК |
| 11. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Бірлескен Қарулы күштерін іріктеп алу және онда әскери қызметті өтеу қағидаттары туралы келісім | Киев қаласы, 1992 ж.20.03., МБК |
| 12. Бірлескен Қарулы Күштердің ортақ мақсаттағы күштерінің өтпелі кезеңдегі мәртебесі туралы келісім | Киев қаласы, 1992 ж.20.03., МБК |
| 13. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Шекаралық әскерлерінің мәртебесі туралы келісім | Киев қаласы, 1992 ж.20.03., МБК |
| 14. Өтпелі кезеңдегі Бірлескен Қарулы Күштер туралы келісім | Киев қаласы, 1992 ж.20.03., МБК |
| 15. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекараларын және теңіздегі экономикалық аймақтарын қорғау туралы келісім | Киев қаласы, 1992 ж.20.03., МБК |
| 16. Достастықтың Шекаралық әскерлерін іріктеп алу және онда әскери қызметті өтеу қағидаттары туралы келісім | Ташкент қаласы, 1992 ж. 15.05., МБК |
| 17. Достастықтың Шекаралық әскерлерін қаржыландыру тәртібі туралы келісім | Ташкент қаласы, 1992 ж.15.05., МБК |
| 18. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Бірлескен Қарулы Күштеріндегі және Қарулы күштеріндегі құқық қорғау органдары туралы келісім | Ташкент қаласы, 1992 ж.15.05., МБК |
| 19. Шекаралық әскерлерді қару-жарақпен, әскери техникамен және басқа да материалдық | Ташкент қаласы, 1992 ж.15.05., ҮБК |

құралдармен қамтамасыз ету, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын ұйымдастыру қағидаттары туралы келісім

20. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Бірлескен Қарулы Күштерін барлаумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы келісім — Ташкент қаласы, 1992 ж.15.05., ҮБК

21. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мемлекет басшылары кеңесінің және Үкімет басшылары кеңесінің рәсімдерінің уақытша ережелері туралы келісім — Ташкент қаласы, 1992 ж.15.05., МБК

22. Шекаралық әскерлердің басқару жүйесін ақпараттық қамтамасыз ету және құпияларын қорғау туралы келісім — Минск қаласы, 1992 ж.26.06., ҮБК

23. Шекаралық әскерлердің әскери қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін, жұмысшылар мен қызметшілерді медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы келісім — Минск қаласы, 1992 ж.26.06., ҮБК

24. Ғылыми-техникалық ақпаратты мемлекетаралық алмасу туралы келісім — Минск қаласы, 1992 ж.26.06., ҮБК

25. Жекелеген мемлекеттер ұлттық валютаны енгізген жағдайда рубль аймағындағы мемлекеттердің мүддесін қорғау туралы келісім — Мәскеу қаласы, 1992 ж.06.07., МБК

26. Шекаралық әскерлердің Бас қолбасшысы туралы келісім — Мәскеу қаласы, 1992 ж.06.07., МБК

27. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекеттер басшылары кеңесінің және Үкімет басшылары кеңесінің жанынан Консультативтік экономикалық жұмыс комиссиясын құру туралы келісім — Бішкек қаласы, 1992 ж.09.10., МБК, ҮБК

28. Заңды төлем құралы ретінде рубльді сақтаған мемлекеттердің біртұтас ақша жүйесі және келісілген ақша-кредиттік, сондай-ақ валюталық саясаты туралы келісім — Бішкек қаласы, 1992 ж.09.10., МБК, ҮБК

29. Стратегиялық күштер жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы келісім — Минск қаласы, 1993 ж.22.01., МБК

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК